



## БҰЙРЫҚ

2021ж. 17 наурыз

Балқаш қаласы

## ПРИКАЗ

№ 56

город Балхаш

### Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережені бекіту туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3 тармағына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі-Әдістемелік ұсынымдар) квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде жәрдем көрсету және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың бірыңғай тәсілін қалыптастыру мақсатында

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Балауса» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережесі бекітілсін.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің инспекторы Жанерке Жұматайқызы Сыздыкова өз міндеттерін орындау кезінде осы ережені басшылыққа алсын, осы бұйрықпен «Балауса» бөбекжайы» КМҚК барлық қызметкерлерін таныстырсын.

3. Балқаш қаласы білім бөлімінің «Балауса» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының жұмыскерлерінің Ереженің талаптарының сақталуын қамтамасыз етсін.

4. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енсін.



Директор

Б.Садыкова

000029